# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 желтоқсан № 4360-24-00-2/3231 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны

**ЖАУАПКЕР:**
«Тажитаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Фариза Ерболовна Тажитаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тажитаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Фариза Ерболовна Тажитаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Тажитаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Фариза Ерболовна Тажитаевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегізжүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 19.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Әбілқайысқызы А., 28.01.2025
4360-24-3-1/3388

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы
көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «27» қаңтар 2025 жылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 19.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Әбілқайысқызы А., 28.01.2025
4360-24-3-1/3388